

8D09102 - «Ветеринариялық санитария» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Шеримова Сауле Курмановнаның «Вермиком» азықтық қоспасын ірі қара рационында пайдалану кезінде сұт және сұт өнімдерін ветеринариялық-санитариялық бағалау» тақырыбы бойынша диссертациялық жұмысына ресми рецензент ветеринария ғылымдарының докторы, профессор Дюсембаев Сергазы Турлыбековичтің

СЫН-ПІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Диссертациялық жұмыс келесі бағдарлама аясында орындалған:</p> <p>1. Зерттеулер Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі қаржыландыратын «Гранттық қаржыландыру № АР 05135439 «Ветеринарно-санитарный контроль мониторинговая оценка миграции тяжелых металлов в пищевой сети "вода-почва-корма-продуктов" ғылыми жоба аясында орындалды (2018-2020 жыл). Сондықтан да, қарастырылып отырган диссертациялық жұмыс мемлекеттік бағдарламаға сәйкес келеді.</p>

2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Ғылыми жұмыс ветеринария ғылымының дамуына үлесін қосады. Алғаш рет жергілікті минерал - вермикулит негізінде «Вермиком» азықтық қоспасы әзірленген. «Вермиком» азықтық қоспасын сиырлардың негізгі рационына енгізу мен оның сұт өнімділігіне әсерін зерттеу бойынша кешенді зерттеулер жүргізілген. Сұт және сұт өнімдерінің сапасына ветеринариялық-санитариялық саралтау жүргізілді. «Вермиком» азықтық қоспасының сиыр сүтінің органолептикалық және микробиологиялық көрсеткіштеріне, сонымен қатар химиялық, минералдық және аминқышқылдарының мөлшеріне әсері зерттелінген. Ғылыми жұмыстың маңызы жоғары, табиги сорбенттерді қосып жасалған маңызды және толықтай ашылған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Жоғары. Диссертация ғылыми тілде, түсінікті жазылған, зерттеу нәтижелері мен талдау бөлімдерінде арнайы дереккөздерге сілтеме

			жасалған.
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <p>1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.</p>	<p>Диссертациялық жұмыс өзекті мәселеге арналған.</p> <p>Жануарлардың азығында минералды заттардың жетіспеуі мал шаруашылығына айтарлықтай зиян келтіреді. Мал басының өсуі мен олардың өнімділігі нашарлайды және әртүрлі індепті және инвазиялық ауруларға бейім болады, өнім сапасы төмендейді. Сондықтан да, минералды элементтер жануарлар организімінде толық болуға тиісті, кем болса, сырттан азық арқылы беріуі тиіс. Соның бір жолы, табиғи минерал вермикулитті қолдану, оның құрамында макро және микроэлементтердің мөлшерін өте көп, организм макро- және микроэлементтермен толығады, денеден эндо және экзотоксикандердің шығарылуы тездетіледі. Асқазан-ішек жолдарында азықтың сінірілу көрсеткіші артады, ішек жолдарындағы биохимиялық үрдістердің аумағын кеңейтеді, тәмен молекулалы заттарды сіндіру арқылы</p>

			<p>азықтың қорытылуына әсер етеді. Сондықтан да, диссертациялық жұмыс ветеринарияды өзекті мәселеге негізделген.</p>
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындаамайды	<p>Диссертация тақырыбы диссертация мазмұнымен сәйкес келеді. Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын толықтай айқындайды.</p> <p>Диссертацияның мазмұны сүт өнімділігін арттыру және сүт, сүт өнімдерінің ветеринариялық-санитариялық көрсеткіштерін жақсарту мақсатында «Вермиком» азықтық қоспасын әзірлеген және қолданған. Вермикулиттің күнбағыс күнжарасымен сақтау кезіндегі көрсеткіштері зерттелінген. «Вермиком» азықтық қоспасының сиыр қанының биохимиялық және гематологиялық көрсеткіштеріне, минералды және аминқышқылдарының құрамына және ауыр металдардың азауына оң әсері айқындалған. Сиыр сүтін органолептикалық, микробиологиялық және биохимиялық әдістермен сүт сапасын</p>

			<p>бағалап, ветеринариялық санитариялық сараптама жүргізген. Сондықтан да, диссертация тақырыбы диссертация мазмұнын айқындайды деп айтуда болады</p>
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	<p>Сәйкес келеді. Жұмыстың алдына қойылған мақсат пен міндеттер тақырыпқа сәйкес келеді, міндеттер толықтай орындалған.</p>
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	<p>Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері мен құрылымы өз ара тығыз логикалық байланыста орындалған және жазылған. «Вермиком» азықтық қоспасының кунжарамен, құнарлы жеммен үндестігі, сақталу мерзімінің ұзақтығы, сапасы, сиыр сүтіне оң әсері, сиыр сүтінің органолептикалық, микробиологиялық және биохимиялық әдістермен зерттелуі, жасалынған тұжырымдар мен қорытындылар логикалық ішкі толықтай байланысқан.</p>
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар;	<p>Сыни талдау бар. Автор зерттеу барысында ұсынылған жаңа «Вермиком» азықтық қоспасын қолдануда өзінен алдынғы</p>

		<p>2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>ғалымдардың зерттеулерін талдай отырып, салыстыра отырып жергілікті жерде өндірілетін вермукулитті өндеп, қолдануға шешім қабылдаған. «Вермиком» азықтық қоспасының артықшылығын, құрамының сиыр сүтінің өнімділігін, зиянсыздылығын, пайдасы мол екендігін ғылыми деректермен дәлелдеген. Эрбір қолданған әдіске сынни талдау жасалған.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u> 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Толықтай жаңа (75 - 100%) деп айтуға болады, өйткені, жаңа «Вермиком» азықтық қоспасын дайындалған, жергілікті жерден алынған, химиялық құрылымы, микро-макроэлементтерге бай, «Вермиком» азықтық қоспасы қолданылған. Қолданғаннан кейін зерттеулермен расталған, сиыр сүтінің химиялық құрамы, органолептикалық, микробиологиялық және биохимиялық көрсеткіштері туралы жаңа ғылыми деректер алынған. Жүргізілген ғылыми зерттеулер негізінде қорытынды жасай білген.</p> <p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып</p>

		<p>табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>жасалған. «Вермиком» азықтық қоспасының сапасы және оны сақтау мерзімі, сүтті сиырларға арналған «Вермиком» азықтық қоспасы қосылған жем құрамы мен әзірленуі, оның құнарлы жеммен сәйкестігі, «Вермиком» азықтық қоспасы қосылған жемнің сиыр сүтінің химиялық құрамына, минералдық құрамына, ветеринариялық-санитариялық бағалануына оң әсер беруі, оған қоса, сүттің аминқышқылдарының құрамын, ауыр металдардың мен улы элементтердің мөлшерін анықтап, зерттеу де жаңа деректер деп санаймын</p> <p>Жартылай жаңа.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	
6.	Негізгі қорытындыла рдың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұргыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұргыдан қарағанда ауқымды дәлелдерде негізделген.</p> <p>«Вермиком» азықтық қоспасының сақталу уақыты, сиыр жеміне қосу мөлшері, Вермикулиттің</p>

			<p>күнбағыс күнжарысының сақталуына әсерін зерттеу үшін қоспалардың вермикулит қосылған және вермикулит қосылмаған әр түрлі концентрациялары дайындалған қоспаларды сақтау, табиғи минерал- вермикулittі ветеринариялық- токсикологиялық бағалау, сұттің физикалық-химиялық, қанның гематологиялық құрамын зерттеу, сұттің минералдық құрамын анықтаған. Сұттің аминқышқылдық құрамын, ауыр металдардың қалдық мөлшері мен улы элементтердің мөлшерін анықтау зерттеу әдістерін қолдана отырып, онды нәтижелер алған. Алынған нәтижелер ғылыми тұрғыдан ауқымды дәлелдерге негізделген.</p> <p>Microsoft Excel бағдарламасымен вариациялық- статистикалық өндөуден өткізген.</p>
7.	Корғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді;	Корғауға шығарылған негізгі қағидаттар толығымен дәлелденді.

	<p>2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жоқ <p>7.3 Жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жоқ <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) тар; 2) орташа; 3) кең <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жоқ 	<p>Диссертациялық жұмыстың қорғауға шығарылған қағидаттары тривиалды емес, алынған ғылыми деректер жаңа.</p> <p>Жергілікті минерал-вермикулит негізінде әзірленген «Вермиком» азықтық қоспасын сүт фермаларында және ірі қара мал бордақылау кешендерінде пайдалануға ұсыныс берілген. «Вермиком» азықтық қоспасын сиырлардың негізгі рационына жемнің күргақ затының массасына есептегендеге 4% мөлшерінде қосу ұсынылады.</p> <p>Соның нәтижесінде сиырлардың физиологиялық жағдайы мен тірі салмағы артады, сүттің сауылу көрсеткіші мен сапасы жақсарады, ағзаның табиғи төзімділігі артады. Диссертацияның нәтижелерін Республика деңгейінде сүт шаруашылықтарында кеңінен қолдануға болады.</p> <p>Диссертациялық жұмыс көлемінде алынған материалдар докторанттың жарық көрген мақалаларында жан-жақты дәлелденген.</p>
--	--	--

8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ	Ия. Әдістеменің таңдауы негізделген және диссертациялық жұмыстағы зерттеу міндеттеріне толық сәйкес келеді. «Вермиком» азықтық қоспасының физикалық-химиялық және технологиялық көрсеткіштерін анықтау тәсілдері, Вермикулит пен күнбағыс күнжарасын сақтау кезіндегі сапасын анықтау әдісі, «Вермиком» азықтық қоспасының зертханалық тышқандарға улылығын зерттеу тәсілдері, «Вермиком» азықтық қоспасын қолданған кездегі сиырлардың қанының гематологиялық және биохимиялық көрсеткіштерін зерттеу, сиырлардың сүт өнімділігін анықтау әдістемеліктері, «Вермиком» азықтық қоспасын қолданғанындағы сүт пен сүт өнімдерінің сапасын ветеринариялық-санитариялық бағалау органолептикалық және физикалық – химиялық жолдармен анықтау тәсілдері, сүттің минералдық құрамын және сүттегі ауыр
----	---	--	--

			<p>металдарға қоспаның әсерін анықтау, сұт сапасын ветеринариялық-санитариялық тұрғыдан бағалау әдістемеліктерге сәйкес жазылған.</p>
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өндөу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жоқ 	<p>Ия. Зерттеулер барысында МемСТ 13502-86, МемСТ 80-96, МемСТ 13979.4-68, МемСТ 27558-87, МемСТ ISO 7218 - МемСТ 13496.12-98, МемСТ 13979.1-68, МемСТ 13496.4-68, МемСТ 13979.2-68. МемСТ 26809.1-2014, МемСТ 31449-2013, МемСТ 32901-2014, МемСТ 30178-96, МемСТ Р ИСО 5725-6-2002 стандарттары қолданылған, оған қоса ЛАБ-ТЖ-ТБ-01/19 термостаттайдын моншасы, қанды зерттеу жұмыстары ВС-2900 VetPlus, ИРФ-454 Б 2М рефрактометрі, КВАНТ.Z(«КОРТЭК» атомдық абсорбционды спектрометрі, сұйық хроматография (анықталды пайдалнылған.</p> <p>Әлшеу құралдары және талдау әдістері. Зерттеу жұмысының нәтижесінде алынған деректер Microsoft Excel бағдарламасын</p>

			қолдана отырып, вариациялық-статистикалық өндеуден өтті.
		<p>8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және зандылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жок 	<p>Ия. Диссертациялық жұмыстың қорытындылары зертхана жағдайында замануй әдістерімен атқарылған, алынған нәтижелер бір – бірімен тығыз байланыста, зерттеу үрдістері жүйелі түрде жүргізілген, дәлелденген.</p> <p>Зертханада алынған онды нәтижелер практикада жүзінде қолдануға ұсыныстар жасалынған.</p> <p>Эксперименттік зерттеулер дұрыс үйімдастырылған.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді отандық, шет елдік ғалымдарының ғылыми әдебиеттерге сілтемелер жасау арқылы расталған.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз</p>	<p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті түрде қамтылған,</p> <p>диссертацияда 302 дереккөздер берілген. Бірақ та, әдеби шолу бөлімі тым ұзақ жазылған.</p> <p>Диссертацияның негізгі бөлімінің 49,5% (55 бет) құрайды. Мүйізді ipi қараның індепті</p>

			ауруларындағы ветеринариялық санитариялық сараптау және диссертацияда қаралмайтын сүт өнімдері бөлімін қысқартуға болар еді.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	Ия. Жергілікті вермикулит негізінде алынған «Вермиком» азықтық қоспасын әзірлеу, оның тиімділігі мен технологиялық көрсеткіштері, «Вермиком» азықтық қоспасын қосылған кұрама азықты қолданған соңғы, өнімге зиянсыздығы, сиыр сүтінің органолептикалық, физикалық-химиялық және микробиологиялық көрсеткіштері, сиыр қанының гематологиялық және биохимиялық көрсеткіштері, сиыр сүтінің химиялық, минералдық құрамын зерттеудің теориялық маңызы бар.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	Ия. Диссертациялық зерттеу жұмысының нәтижелерін ветеринариялық-санитариялық сараптау, сиыр сүтінің улылығын, ауыр металдармен және басқа да зиянды заттармен зақымдануын оқу үрдісінде қолдануға мүмкіндігі бар.

			Жүргізілген тәжірибелік зерттеулер сүт шаруашылығында Вермиком» азықтық қоспасы қосылған азықтық жемді сүт өнімін жақсартуда, тағамдық және биологиялық құндылығын арттыру үшін және де мүйізді ірі қара өнімдерін минералдық құрамын жақсарту үшін қолдану мүмкіндігі жоғары.
9.3	Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?	1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа деп есептеймін. Сүт фермаларында жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижелерінде сиырлардың физиологиялық күйі жақсарады, сүттің өнімі жоғарылайды, сапасы жақсарады, организмнің табиги төзімділігі артады деп тұжырымдаулары жаңа ұсыныс деп саналады
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы – жоғары, жақсы деп санауга болады. Диссертациялық жұмыста тақырып бойынша отандық, ТМД елдері және шет ел ғалымдарының соңғы 5-10 жыл көлеміндегі зерттеу жұмыстарының нәтижелерініне терең

			талдау жүргізілген, 5-10 жыл көлеміндегі әдеби ғылыми шолулар деңгейі 95% мөлшерін құрайды.
--	--	--	---

Шешім: Шеримова Сауле Курмановнаға 8D09102 - «Ветеринариялық санитария» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесі тағайындалуын ұсынамын.

Ресми рецензент,

«Семей қаласының Шекерім атындағы университеті» ҚeАК,

«Ветеринария» кафедрасының профессоры,

ветеринария ғылымдарының докторы

Дюсембаев С.Т.

